

2023-2024 оқу жылының
11 «А» сынып оқушылар тізімі
Сынып жетекшісі: Тенсел Жанар
Барлығы 24 оқушы, ҰБТға қатысатын 23 оқушы

р/с	Оқушының аты-жөні	Баратын уақыты
1	Адилбек Қазымбек	01.29.14.30.Көкшетау
2	Маусымбаев Бекжан	-
3	Әбдіқалық Нұрасыл	01.30.14.30.Астана
4	Джамбасова Анда	01.29.14.30.Көкшетау
5	Жумадилова Жанна	01.29.14.30.Көкшетау
6	Мухамедғалиев Алинпер	01.29.14.30.Көкшетау
7	Мухамеджанов Нұрым	01.29.14.30.Көкшетау
8	Радикова Камила	01.29.14.30.Көкшетау
9	Сарсенбаева Карина	01.29.14.30.Көкшетау
10	Түлегенова Жұлдыз	01.29.14.30.Көкшетау
11	Оспанова Нұршат	01.29.14.30.Көкшетау
12	Қабдула Алмат	01.29.14.30.Көкшетау
13	Атымтаев Жантілек	01.29.14.30.Көкшетау
14	Балтабеков Қадырбек	01.29.14.30.Көкшетау -
15	Бүркүтбеков Мадияр	01.29.14.30.Көкшетау
16	Мұратов Ерасыл	01.29.14.30.Көкшетау
17	Оразалиев Айдар	01.29.14.30.Көкшетау
18	Сериков Елжан	01.29.14.30.Көкшетау
19	Тлеутасва Жұлдыз	01.1.29.14.30.Көкшетау -
20	Тасанов Санжар	01.29.14.30.Көкшетау
21	Шалкенова Анеля	01.29.14.30.Көкшетау
22	Мелеубай Айгерім	01.29.14.30.Көкшетау
23	Жанабаев Әділхан	01.29.14.30.Көкшетау -
24	Жанабыл Гулзия	01.29.14.30.Көкшетау -

Мектепшілік бақылауға сай оқушылардың оқу жылдамдығын 2 тоқсан бойынша 2-4 сыныптарда Ә Б жетекшісі Ибраева А.А. тексерді.

Бастауыш сыныптарында ана тілі пәні – балалардың негізгі құралы. Оқуға үйрету сауат ашу кезеңінен басталады.


Кей бір оқушылар дыбыс, буын сөз, сөйлемдерді саналы дұрыс, анық, дауыстап оқу талап етіледі. Сондай-ақ мәтінді оқу кезінде сөз мәніне, мағынасына назар аудару, сөйлемдер арасындағы байланысты түсіну, сол арқылы мәтін мағынасын түсініп, айтып беруге үйрену, сөйтіп түсініктерін біртіндеп күрделену бағытында мәнерлеп оқуды жетілдіру мақсаты көзделеді.

Оқуға үйретуге қойылатын негізгі талап – дауыстап, мәнерлеп және іштен оқуды меңгерту.

Ұсыныс: оқу жылдамдығы қорытындысы бойынша аталған сынып мұғалімдеріне ұсыныс.

1. Жақсы оқитын оқушылармен жұмысты жалғастыру;
2. Қосымша әдеби кітаптар оқыту;
3. Кітапхана сағаттарын ұйымдастыру;
4. Оқу жылдамдығы төмен оқушылармен ата-анасымен бірлесіп отырып жұмыс өткізу.

Сынып	Оқушы саны	5	4	3	2	Үлгерімі:	Сапа:
2 А	21	8	5	3	5	72%	62%
2Б	22	13	0	4	5	77%	59%
2 В	18	7	5	4	2	89%	66%
3 А	18	5	6	4	3	83%	61%
3 Б	20	9	3	2	6	70%	60%
3 В	18	9	1	1	7	68 %	55 %
4 А	16	5	2	2	7	56 %	43 %
4 Б	20	7	4	1	8	60%	55%
4 В	23	12	4	2	5	78%	69%
	176	75	30	23	48	73%	60%

Директордың ОТІ орынбасары:  А.А.Ибраева

Оқушылардың сөйлеу қабілеттерін дамытудың маңыздылығы

Біздің алдымызда отырған жас ұрпақ-ертеңгі егемен еліміздің болашағы, халық тағдырын шешетін азаматтар. Өскелең ұрпақтың тілді дұрыс пайдалануы, оның сөздік қорына тікелей байланысты екенін білеміз. Балалар білім негіздерін бастауыштан алады. Сондықтан мектептерде тілді оқыту жұмыстарына ерекше көңіл бөлінеді. Тіл арқылы балаға барлық ғылым негіздері үйретіледі. Тілді оқыту бала алғаш мектепке келген кезден бастап жүргізіледі.

Оқушы қалпына түскен баланың айналадағы дүниетаным өрісінің аумағы артып, тілінің дамуына, осының салдарынан жеке тұлғасының жан-жақты қалыптасуына әсер ететін бастауышта жүретін «Әдебиеттік оқу» пәнінің орны ерекше. Пән – бастауыш сынып оқушыларының ауызша және жазбаша тілін дамытуды, яғни сөздік қорын байытуды, байланыстыра және грамматикалық тұрғыдан жүйелі сөйлеуге үйретуді, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруды көздейді. Ұлттық тәрбие, рухани-мәдени құндылықтар, ана тілі және қазақ халқының салт-дәстүрі негізінде сусындаған жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді. Адамның ішкі рухани жан дүниесімен байлығын ашуға, адамгершілікке тәрбиелеуге, тілі мен қиялын дамытуға мүмкіндік береді.

Н. Уәлиев: «Тіл мәдениеті дегеніміз – сөйлеудегі, жазудағы сыпайылық, ізеттілік қана емес, сонымен қатар айқын ойлылық, сөзді дәл айыру шеберлігі, сөйлеу өнеріне шыныққандық», - дейді. Жалпы, әдебиеттік оқу сабағы арқылы жазу мен сөйлеу мәдениетінің алғы шарты қаланады.

Пәннің мақсаты – дұрыс, мәнерлеп және шапшаң оқуды меңгерту, оқушыны шығарма авторының көзқарасын түсінуге жетелеу және мәтінді қабылдаушы оқырман ретінде тәрбиелеу, көркем-шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамыту, сөз өнеріне деген қызығушылығы мен эстетикалық талғамын қалыптастыру, сөйлеу әрекетінің барлық түрін жетілдіру, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылық пен рухани-адамгершілік тәрбие беру.

Тіл байлығы - сөз байлығы. Лингвист - ғалым М. Балақаевтың: «Ана тілін жақсы білу - әркімнің азаматтық борышы. Егер әрбір сөзді орныммен жұмсай біліп, айтқан ойы мазмұнды, нысанаға дәл тиетіндей ұғымды шығып, тыңдаушысын баурап алардай әсерлі болса, ана тілінің құдіреті сонда ғана сезілер еді. Ал мұндай шеберлік тек тіл мәдениеті жоғары адамдардың ғана қолынан келер жайт», - деген пікірімен келіспеске болмайды.

Бастауыш мектепте әдебиеттік оқу сабағында сөздік қорды дамыту жұмыстары түрлі әдіс - тәсілдер арқылы жүзеге асады:

сұрақ - жауап;

әңгімелесу;

әңгімелеу;

түсіндіру;

зерттеу;

түрлі шығармашылық тапсырмаларды орындату арқылы.

Тіл байлығын арттырып, оқушылардың сөйлеу тілін жетілдіруде мәтіндермен жұмыс жүргізу аса маңызды. Көркем мәтінге тақырыптық талдау жасап, негізгі ойын анықтау, кейіпкерлердің іс - әрекетіне баға беру, сол арқылы оқушы танымын кеңейтіп, тәрбиелік жағына көңіл бөлу – бастауыш сынып мұғалімдерінің шеберлігі. Алайда, көркем мәтінді оқыған соң, талдаған тұста сөздік жұмысын жүргізу одан әрі оқушының барынша дұрыс түсініп, барлық талдауларға еркін қатысуын қадағалап отыру керек.

Мақал – мәтелдер, жұмбақ, жаңылпаштар мен тұрақты тіркестерді үйрету барысында да оқушының тіл байлығы артады. Оқулықта берілген және басқа да мақал - мәтелдерді, жұмбақ, жаңылпаштарды тұрақты тіркестерді ұдайы үйретіп отыру – біздің күнделікті жұмысымыздың бір түрі. Үйренгендерін ұмытып қалмауы үшін оқушылар өздері мақал-мәтел кітапшаларын арнап, соған жазып отырады. Мақал – мәтелдерді, жұмбақ, жаңылпаштарды қаншалықты білетінін анықтау үшін әрі мейлінше көп мейгерулері үшін осы бағытта сайыс сабақтар ұйымдастырып отырамыз. «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ», «жаңылтпаштан жаңылма», «Жұмбақ, жұмбақ, жұтылдым», «Тазшаның тапқырлығы» тәрізді сайыстар оқушының тіл байлығының артуына ғана емес, ой - өрісінің, танымының артуына ықпал етпек.

Оқушының тілін байыту жұмыстары тіл мәдениетімен тығыз байланысты екені белгілі. Тіл мәдениеті бойынша бастауыш сынып оқушыларына мына талаптар қойылады:

- сөздерді лексикалық, фонетикалық нормаға сай орынды қолдана алу;
- орфография, орфоэпия нормаларын сақтай білу;
- ауызша, жазбаша тілде сөздерді талғап қолдана білу;
- шамасы жеткенше ертегі, әңгіме жаза білу т. б.

Тіл дамытудағы өнімді тәсілдердің бірі – шығармашылық тапсырмалар. Мұндай тапсырмалар – тіл мәдениеті талаптарын жүзеге асыруда аса тиімді.

Оның түрлері:

- шығарма, әңгіме жазу;
- сурет бойынша әңгіме жазу;
- икемі бар балаларға өлең шумақтарын жазғызу;
- ертегі жазу;
- көркем шығарма оқу;
- сайыс, ролдік ойындарға қатыстыру;
- әркімнің қабілетіне қарай деңгейлік жеке тапсырмалар беру;
- сөзжұмбақтар құрастыру;
- газет - журнал шығарту;
- балаларға арналған басылымдардағы сөзжұмбақ, ребустарды шешкізу;
- жұмбақтар құрастырту;
- хат жаздыру;
- белгілі бір шығармаға қысқаша пікір жаздыру т. б.

Оқушы тілін дамытудың негізгі объектісі – шығарма жаздыру. Оқушыға шығарма жазғызудағы мақсат - оның ойын, сауатты жаза білуге және шығармашылық ізденіске баулу, логикалық ой - өрісін кеңейтуге машықтандыру болып табылады.

Оқылған шығарманы тексеріп, сараптаудың жолдары көп;

-түсінгенін әңгімелету;

-сұрақтарға жауап бергізу;

-кейбір үзінділерді жатқа айтқызу;

-оқыған кітабы бойынша таныс емес сөздерін есте сақтап дәптеріне жазып отыруға дағдыландыру;

-кейіпкерлер іс - әрекетіне баға бергізу;

- әңгімелердің ұқсастығын салыстыру;

-ең соңында сол шығармаға ұқсатып әңгіме жаздыртып көру т. б.

Мұғалім осындай жұмыстарды атқарту арқылы оқушылардың өздігінен кітап оқуына бағыт береді. Көркем шығармамен жұмыс – оқушының тілін байытудың ең тиімді жолы. Көркем шығарманы көп оқу арқылы оқушының танымы артып қана қоймайды, ойын жүйелі жеткізуді, байланыстырып сөйлеуді, тілдің орфоэпиялық, орфографиялық нормаларын дұрыс меңгеруді үйренеді. Алайда, көркем шығармамен жұмыс істеу барысында есте ұстайтын жайт: шығарманың оқушының жас ерекшелігіне сай болуы, мазмұнының қызықты болуы, тәрбиелік мәнінің зор болуы, оқушыны жалықтыратындай тым көлемді болмауы.

Сонымен бірге әдебиеттік оқу сабағында өтілген материалды бекіту үшін оқушының ауызша сөйлеу мүмкіндігін арттыруға назар аударған дұрыс. Мұның жолы – түрлі рөлдік ойындар. Ондай ойындар оқушының тілін, еске сақтау қабілеттерін арттырады, зейінін шоғырландыруға көмек көрсетеді. Ойын барысында өзіне бекітіліп берілген рөлді ойнау үшін оқушы ізденеді, талаптанады, жинақталады, айтатын сөзін салмақтайды. Белгілі бір жағдаятқа өзі кіріп, өз басынан өткереді. Нәтижесінде сөйлеу тілінің дұрыс қалыптасуына осы ойынның жәрдемі тиісті түсінеді. Тіл дамыту мақсатындағы жүргізілетін жұмыстар оқушының ойлау қабілетіне, сондай - ақ өз ойын жеткізе білуіне, шығармашылық ізденісіне жол ашады. Мұндай жұмыстар оқушының білімін ғана жетілдіріп қоймайды, жеке дара шығармашылық қабілетінің ашылуына негіз болады.

Сабәқ үдерісінде мұғалімнің басшылығымен мұндай жұмыстар жүзеге асырылып, жүйелі орындалып отырса:

- оқушының сөздік қоры мен тілін байытуға ықпал етеді;

- ауызша және жазбаша тіл мәдениеті талаптарын меңгереді;

- сауатты жазуға үйретеді;

- оқушы өз бетімен шығармашылықпен айналысуға үйренеді.

Осындай жұмыстар жүйелі жүргізіліп отырса, кез келген мұғалімнің мақсатына жететіні даусыз.

Бастауыш сынып оқушыларының тілін дамыту күн тәртібінен ешуақытта түсіп көрген емес.

Сабақта тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, балалардың ұсыныс-пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отыру. Жанашыл әдіс-тәсілдер арқылы өткізген әрбір сабақ оқушылардың ойлауына және қиялына негізделіп келеді, баланың тереңде жатқан ойын дамытып, оларды сөйлетуге пікірін айтып оны дәлелдей алуға үйретеді.


Әдебиеттік оқытуда сөздік әдіс, көрнекілік әдіс, тәжірибелік әдіс, түсіндірмелі-иллюстративтік әдіс немесе репродуктивтік әдіс, эвристикалық (ішінара іздендіруші) әдіс, зерттеу әдісі, өзіндік жұмыс әдісі, мәнерлеп оқудың орны ерекше.

Біздер ұстаздар оқытудың мақсатын жүзеге асыру үшін ең тиімді деген әдіс-тәсілдерін сұрыптай отырып пайдалануымыз керек.

Сонымен қатар, іс-тәжірибемізде оқу мен жазуда сын тұрғысынан ойлау технологиясын үнемі пайдаланып отырамыз. Атап айтсақ, ассоциация құру, сәйкестендіру, Блум таксоманиясы, дамыта оқытудың РАФТ, екі жақты күнделік, сиқырлы таяқша, әңгіме кестесі, кейіпкерге хат, автор орындығы, стратегияларын пайдаланып келеміз, әдеби ойындар, оқырмандар мәслихаты, әдеби викториналар, мәнерлеп оқу сайыстарын жиі өткізіп отырамыз.

Оқушының көркем әдебиетке деген ынтасын арттыру мақсатында балаларды кітап оқуға баулу, оқырмандық мәдениетін қалыптастыруға үйретуіміз керек.

Қорыта келгенде тіліміздің мәртебесі- еліміздің мәртебесі, сондықтан сауатты, тілдік қоры бай, шығармашыл тұлға тәрбиелеу- біздің

Директордың ОТЮ:  А.А. Ибраева

**«Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі
Макинск қаласының Балуан Шолақ атындағы мектеп-лицейі» КММ
бастауыш сыныптар арасындағы
онкүндік жұмыс жоспары
13-24 қараша 2023-2024 оқу жылы**



Барлық өткізілген ашық сабақтарда, сынып сағаттарында бастауыш сынып оқушылары белсене ат салысты.

Құрылған жоспарға сай мұғалімдердің ашық сабақтарына тоқталсақ:

Мұғалімдер ашық сабақтарында жаңа инновациялық технологиялардың әдіс – тәсілдерін тиімділігіне қарай шебер қолдана білді. Сабақтардың құрылымы жүйелі құрылды. Сабақтарға бастауыш сынып мұғалімдері, мектеп әкімшілік қатысып, талдау жасалып, жақсы баға берілді.

Мұғалімдер сабақ өткізудің түрлі формаларымен практика жүзінде танысты.

«Әдемі әріптер әлемі» атты көркем жазу сайысын 2-сыныптар арасында Тогтамыс Манура өткізді

Ұйымдастыру кезеңі жинақы өтті. Жедел сұрақ қойылып, оқушыларды жинақтап алды. Сайыс барысында оқушыларды Өте жақсы-, жақсы-орташа-пен бағалап отырды. Бұл сайыста сәйкестендіруді оқушылар өте жақсы орындады. Арифметикалық диктантты жүргізу арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын оятты. Оқушылар сабақ барысында үш топқа бөлініп, «Білімді сына», «Ұшқыр ойлы топ», «Біліктілігіңді тексер» атты әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, өзіне баурап алды. Әсіресе оқушылар сабақтан алған өз әсерлерін смайликтер арқылы жеткізе білді. Бұл сайыста ерекше көзге түскен оқушыларды мақтап-мадақтауды ұмытпады. Сабақ өте тартымды өтті.

3-сынып диктант **"Туған жерім - егеменді Қазақстан"** ал 4-сынып **Менің елім - мәңгілік ел!** эссе жазды.

«Мәтіннің құрылымдық бөліктері» Матышева Г.А. қазақ тілі пәнінен ашық сабақ өткізді.

Оқушылар үлкен қызығушылық танытып, сабаққа белсене қатысты. Сабақ ұйымдастыру сәтінен басталды. Сайыс сабақ басталғаннан тартысты өтті. Сынып топқа бөлінді. Әр топ өздеріне бөлінген тапсырма бойынша жедел, ұтымды, тиянақты жауабымен ұстаз арасындағы жақын байланыс көрінді. Ұстаз еңбегі осындай ашық сабақтарда көрінсе, оның еңбегін көрсететін әрине оқушы. Қызықты бірнеше әдістерді қолдану арқылы оқушыны сабаққа тарту, қалайда оқушыны білдірту талабы ұстаздың басты мақсаты.

Математика күні «Математика - қызықты да сырлы әлем». 1-сыныптар арасында математикалық сайыс «Жұлдызды сәт» Матышева Г.А. Кенжебаева А.Т. Ашық сабақ математика пәні Күмісай С «Өзіңді тексер» тақырыбы бойынша ашық сабақ өткізді. Оқушыларды «Мен қандаймын?» атты психологиялық тренингпен ұйымдастыра білді. Әрбір оқушы өз есімінің бас әрпінен басталатын жақсы қасиет айтып, сабақты жақсы көңіл-күймен бастады. Әр топқа ерекше тапсырмалар беріп, сабақта оқушыларды қызықтыра білді. Топтар өз жауапкершілігін біле алды. Ұстаз әдістің 8 түрін қолданды. Ол әрқайсысы өз орнында тиянақты қолдана алды. Ұстаздың оқушымен қарым-қатынасы, сабаққа топтастыруы, тапсырманы беруі, тақтамен жұмысы жан-жақтылығын көрсете алды. Ашық сабақтан үйренетін әр түрлі тәсілдер де болды. Күмісай С. сабақ барысында ойын түрлерін де енгізіп, оқушының қызығушылығын таныта алды.

«Санның квадраты» Ермекова Ж.З. Сабақтың құрылымы өте жақсы. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне лайықтап алынған «Қай топ жылдам?», «Балық аулау» ойын түрлері оқушылардың пәнге болған қызығушылығын арттыра түсті. Сабақ барысында Кембридж бағдарламасы бойынша жеті модульде қарастырылған идеяларды сабақта өзара байланыстырып, тиімді қолдана білді. Оқушылар топта бірлесе отырып берілген тапсырманы орындауға, ортақ шешімге келуге, өз ойларын дәлелді түрде жеткізуге төселген. Әсіресе қорытындылау мақсатында жүргізілеп «Балық аулау» ойыны өте қызықты өтті. Сабақ тартымды болды. Үлгілі сабақ «өте жақсы» деген бағамен бағаланды. «Әлем әміршісі - сандар» Пән олимпиадасы 2-4-сыныптар Айхожаева К.Б. Әдебиеттік оқу күні «Тілім - менің тірегім» «Кім жылдам оқырман» сайысы 2-сыныптар арасында «Оқу сауаттылығы - заман талабы» атты сайысты Мұбарак С. Сағидолда Б. өткізді. Оқушылардың ізденімпаздық қасиеттерін дамыту, ойлау қабілетін, сөз байлығын дамыту, оқушылардың белсенділігін арттыру. Қазақ тілінен пән олимпиадасы 2-4-сыныптар арасында өткен олимпиада «Жүзден жүйрік» Қуанышпекова Д.С. Бұл сайыстың мақсаты: оқушылардың дарыны мен қабілетінің артуына жол ашу, білімді де өнерлі ұл-қыздар тәрбиелеу. Әдебиеттік оқу пәнінен ашық сабақ «Күзгі уақыт. Күз» Маткенова Б.К. Әдебиеттік оқу пәнінен ашық сабақ «Білімді бол» Кенжебаева А.Т. Мұғалімнің сабақ жоспары әдістемелік тұрғыдан дұрыс құрылған. Сабақта түсіндіру, сұрақ-жауап, көрнекілік әдістері барынша қолданылды. Сабақтың тақырыбын ашар алдында сабақ «Бал жинау» ойыны арқылы өткізілетіндігін түсіндіріп, бағалау үшін әр топқа арнайы гүл жинайтын ыдыстар таратты. Сыныпты «Алғырлар», «Білгірлер», «Тапқырлар» деп үш топқа бөлді. Кейін өткен тақырыпқа байланысты сұрақтар қойылып, білім туралы білімдерін тексерді.

1-4-сынып оқушылары арасында «Жаратылыс ғажайыптары» интеллектуалды жарыс өткізді. Айхожаева К.Б. Қуанышпекова Д.С. Максаты: Білім сайысы арқылы оқушылардың білімін шыңдай түсу, логикалық шапшаң ойлау дағдысын арттыру, дарынды, білімді оқушыны анықтай білу, жеңімпаз, озат болуға тәрбиелеу. Жаңа технологияны жақсы меңгерген жас ұстаз оқушылармен толық қарым- қатынаста болып, берген тапсырмаларына талап қоя білді. Сабақ ойын түрінде өткізілген соң, оқушылар белсенділік таныта білді. Сайыс барысында сынып ішіндегі оқушылар бойында көшбасшылық қасиетін дамыта білді. Мұғалім оқушыларын әртүрлі әдіс- тәсілдерді пайдалана отырып, өзіне баурап алды.

Мұғалім сабақ жоспарын оқушылардың жас ерекшелігіне сай, қызығушылығы мен білім деңгейлеріне сай құрды. Оқушылар сабаққа үлкен қызығушылық танытып, белсене қатысты. Мұғалімнің сабаққа дайындаған көрнекі құралдары эстетикалық талғамға сай болды. Мұғалім сабақты түсіндіру, сұрақ-жауап, көрпекілік әдістеріне сүйене отырып жүргізді. Сабақ кезінде ойын элементтері орынды қолданылды.

«Ас қорыту жүйесі» тақырыбында Мұбарак С. Ашық сабақ өткізді. Оқушылардың білімін бағалауда өз бетінше жұмыс әрекетін арттырып, оқытудың тиімділігіне қол жеткізіп, ойлау қабілетін шығармашылық әрекетіп белсендіруді көрсетті. 1-2- сыныптар арасында шығармашылық жұмыстар (ермексаз, табиғи материалдар) «Менің сүйікті жануарым» Күмісай С.


Орыс тілі мен ағылшын тілінен сайыс «Жеті түрлі ілім біл, жеті жұрттың тілін біл» Ермекова Ж.З. Хамина Г.З. Ермек Е. «Абай оқулары»/ 3-4-сыныптар арасында мәнерлеп оқу сайысы «Артық ғылым кітапта, Ерінбе оқып көруге» Бигалиева З.Ж

1-4-сыныптар «Менің болашақтағы мамандығым» Маткенова Б.К.

Көңілді старт "Салауатты өмір-нұрлы болашақ"

"Болашақтың ұтқыр ойлы ұрпағы" Дойбы, шахмат, шашки турнирлері өтті.

Оқушыларды ойын кезінде өзін-өзі бақылау арқылы белсенділікке, сенімділікке, қайсарлыққа, батылдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Төзімділік, жылдамдық, ептілік деңгейін дамыта отырып, дененің жалпы даму сапасының артуына, ойын кезінде әділдікке, жолдастық сезімге, ойынды жетілдіруге тәрбиелеу.

БСӘ жетекшісі:  А.А. Ибраева

Lesson study зерттеу сабағы бойынша рефлексивтік есеп

Сындарлы оқыту теориясы – оқыту теорияларының ішінде өмірлік маңызы бар, алған білімді өмірде қолдануға тәрбиелейтін теория. Осыған байланысты елімізде Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру мақсатында деңгейлік курстар ұйымдастырылғаны баршамызға мәлім. Біздің мектепте осы бағдарламаның сертификатын иеленген мұғалімдер бар.

Бұл бағдарламаның бір ыңғайлы және тиімді жері – жасалынған іс-әрекеттің қатып қалған қағидасы жоқ. Бағдарламаның негізгі идеясын түсініп, мектептің, оқушының және мұғалімнің мүмкіндіктерін ескере отырып, нәтижеге қол жеткізу үшін қолжетімді, тиімді қадамдар жасауға болатынына көз жеткіздік.

Теория бойынша, Лессон Стади зерттеу сабағы оқушының оқуына, мұғалімнің кәсіби тәжірибесінің артуына ықпал ететін педагогикалық тәсіл. Осы орайда, 2022-2023 оқу жылында мектебіміздің мұғалімдерінен фокус топ құрылып кезекті зерттеу сабақтаы жүргізілді.

Зерттеу сыныбы ретінде, орта буынға көшкенде бейімделу кезеңінен біраз қиыпдық туғызған, гипербелсенді оқушылар жинақталған және бір-біріне білім алуға бөгет жасаған, сондай – ақ алғашқы 2 тоқсанда оқу сапасының түсіп кетуіне байланысты, жалпай жүргізілген сауалнама нәтижесіне байланысты 5 «А» сыныбы алынды.

Осы орайда, зерттеу тобының отырысы, өзара келісімі бойынша, зерттеуге алынып отырылған сыныпта сабақ беретін мұғалімдердің ұсыны бойынша зерттеу тақырыбын «**Оқытуда смарт технологияларды қолдану оқушылардың есте сақтауын және зейінін шоғырдандыруға қалай ықпал етеді?**» деп алдық.

Бұлай алудың негізгі себебі, сыныпта гипербелсенді оқушылар шоғырланған, бірін-бірі тыңдау, есте сақтау, ойын толық жеткізу әрекеттері бойынша бірақ мәселе туындады.

Зерттеу мәселесі: Оқушылардың ақпаратты қабылдауы, түсінуі, зейіні төмен.

Пәндер: жаратылыстану, математика, қазақ тілі.

Зерттелетін сынып: 5 «А»

Жасы: 10-11 жас

Зерттеу сабағының смарт мақсаты:

-Мұғалімдер сабақтың жалпы мақсатын оқушы сабақта меңгеруі тиіс білім мен білік жүйесін смарт мақсатқа айналдыруды үйренеді;

- Мұғалімдер өз пәнін оқыту үдерісінде жаңа тәсілдер мен әдістерді енгізу және қолдану үшін оқу процесінің шеңберін қолданады, ойлы тәжірибеге айналады;
- Педагогикалық ұжым оқушылармен сабақ жүргізуде сабақ өткізу сапасын жақсарту, ынталандыру үшін топтық жұмысты қолдана алады;
- Топ мүшелері сабақ жоспарының үлгісін талқылайды және дамытады, оқу сабақтарын бақылайды және талқылайды,
- А, В және С оқушылары үшін кедергілерді жеңу және оқу қиындықтарын жеңуге назар аударады;
- оқушылардың оқу, жазу және сөйлеу дағдыларын дамыту;
- мұғалімдердің байқау дағдыларын жақсарту

Зерттеу сабағын жүргізетін мұғалімдер тобының ортақ мақсаты (Lesson Study): оқушылардың білім деңгейін көтеру және оқыту әдістемесін жетілдіру

Мұғалімдер үшін мақсаты: оқушылардың білім деңгейін көтеру және оқыту әдістемесін жетілдіру

Оқушылар үшін мақсаты: Тиімді әдістерді қолдану арқылы тиімді әдістерді қолданып, оқушыны белсенді оқытуды ұйымдастыру (А, В, С).

Күтілетін нәтиже:

Мұғалімдер :

- мұғалімдерді зерттеу жұмысына тарту арқылы олардың кәсіби шеберлігін, сабақтың тиімділігін арттыру;
- оқу үдерісін белсендендіру;
- мектеп тәжірибесін жетілдіру;
- оқу қызметін белсендендіретін әдістер арқылы оқушыларды жұмысқа тарту;
- оқушының жан –жақты дамуын қамтамасыз ету негізінде, жағымды оқу-танымды орта қалыптастыру;

Оқушылар :

- оқытуда белсенді әдістерді қолдану оқушылардың есте сақтауы жақсырып, зейіндері шоғырланады;
- болашақта-білім беру мен оқыту сапасын арттыру үшін оқушылардың жағымды ынтымақтастық орта құру,

«Lesson Study» жүргізу жоспары

№	Жұмыс мазмұны	Мақсаты	Мерзімі	Жауапты
1	- Сыныпты зерттеу. - Пән мұғалімдерімен әңгімелесу. - Мәселені анықтау. - Зерттейтін оқушыларды анықтау	Зерттелетін сыныптың пән мұғалімдерінен аралас мұғалімдер тобын құрастыру	6.02	Хасихан Е
2	- смарт технологияларды қолдану оқушылардың есте сақтауын және зейінін шоғырдандыруға арналған әдістер арқылы тапсырмалар дайындау -Сабақты жоспарлау	- смарт технологияларды қолданылатын тиімді әдістерді таңдау; -оқушының есте сақтауын және зейінін шоғырдандыруға тиімді тапсырмалар мен әдіс-тәсілдер дайындау ;	7.02	Топ мүшелері
3	Жаралытылыстану сабағы	Смарт технологияларды қолдану оқушылардың есте сақтауын және зейінін шоғырдандыруға арналған әдістер арқылы тапсырмалар дайындау	9.02	Айтұған Әйгерім Топ мүшелері
4	-Оқушымен сұхбат -Сабақты талдау -Екінші сабақты жоспарлау	Жоспарланған сабақтың жоспар бойынша жүргізілетінін қадағалау	9.02 13.02	Топ мүшелері
5	Математика сабағы	Смарт технологияларды қолдану оқушылардың есте сақтауын және зейінін шоғырдандыруға арналған әдістер арқылы тапсырмалар дайындау (бірінші сабақты талдай отырып, орын алған мәселелер төңірегінде мақсатты қайта анықтау)	16.02	Хасихан Е Топ мүшелері
6	-Оқушымен сұхбат -Сабақты талдау -Үшінші сабақты жоспарлау	Жоспарланған сабақтың жоспар бойынша жүргізілетінін қадағалау	16.02 20.02	Топ мүшелері
7	Қазақ тілі сабағы	Смарт технологияларды қолдану оқушылардың есте сақтауын және зейінін	23.02	Тепсел Ж Топ

		шоғырдандыруға арналған әдістер арқылы тапсырмалар дайындау (бірінші сабақты талдай отырып, орын алған мәселелер төңірегінде мақсатты қайта анықтау)		мүшелері
8	-Оқушымен сұхбат -Сабақты талдау -Үшінші сабақты жоспарлау	Сабақтың сәтті және сәтсіз жақтарын анықтау	23.02 27.02	Топ мүшелері
9	Математика сабағы	Смарт технологияларды қолдану оқушылардың есте сақтауын және зейінін шоғырдандыруға арналған әдістер арқылы тапсырмалар дайындау (бірінші сабақты талдай отырып, орын алған мәселелер төңірегінде мақсатты қайта анықтау)	2.03	Хасихан Е. топ мүшелері
10	-Оқушымен сұхбат -Сабақты талдау - Lesson Study екінші үдерісін жоспарлау	Қолданылған әдістердің тиімдісін анықтау	2.03	Топ мүшелері
11	Lesson Study- дің екінші үдерісінің мәселесін анықтау	Смарт технологияларды қолдану оқушылардың есте сақтауын жақсартып, зейінін шоғырдандыру.	4.03	Әкімшілік және топ мүшелері

1-кесте. «Lesson Study» жүргізу жоспары

Зерттелетін сыныптың мәселесін анықтау барысында топ мүшелері зерттеу барысының барлық нормативтік -құқықтық құжаттарымен танысып, зерттеу тақырыбын анықтау мақсатында оқушылар арасында сауалнама жүргізілді.
Оқушыларға арналған сауалнама

Қадірлі оқушылар!


Сендердің пікірлеріңе сәйкес келетін жауаптарды белгілеулеріңді сұраймыз.

№	Сауалнама	Иә	Жоқ	Кейде	Жауап бере алмаймын
1	Соңғы кезде сенің үлгерімің жақсарды ма?				
2	Мектепте мұғалімдер жаңа технологиямен сабақ өткізе ме?				
3	Жаңаша білім алу саған ұнай ма?				
4	Топтық жұмысқа белсенді қатысасың ба?				
5	Ұстаз талабынан тыс білім алуға ұмтыласың ба?				
6	Көпшілікпен бірге жұмыс жасағанда үлгересің бе?				
7	Жеке жұмыс жасауды ұнатасың ба?				
8	Сыныптастарыңа жаңа тақырып бойынша көмектесесің бе?				
9	Сыныптастарың саған жаңа тақырып бойынша көмектесе ме?				
10	Сыныпта орын алған ахуал саған ұнай ма?				

3-кесте. Сауалнама мазмұны

Осы сауалнама қорытындысын негізге алып, топ мүшелері зерттеу тақырыбын анықтап мақсатын қойды.

Сауалнамаға 22 оқушы қатысты






1-диаграмма. Сауалнама нәтижесі мониторингі




Сауалнама нәтижесінен, сабақ барысында оқушылардың зейінін шоғырландырып, есте сақтап қалатындай сондай-ақ қызығушылықтары мен назарын аударуына байланысты әдіс-тәсілдер таңдалып, тапсырма жасалу керектігі айқындалды.

Топ мүшелері жиналып, зерттеу сабағының жүргізілу циклын негізге ала отырып, 5 «А» сыныбында математика сабағын жоспарлады.

Бөлім:	5.3В Оңдық бөлшектер және оларға амалдар қолдану	
Мұғалімнің аты-жөні		
Күні:		
Сынып: 5	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Оңдық бөлшектерді қосу және азайту	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	5.1.2.27 оңдық бөлшектерді қосу және азайтуды орындау;	
Сабақтың мақсаты	<ul style="list-style-type: none"> - Оңдық бөлшектерді қосу және азайтуды орындайды; - Оңдық бөлшектерді бағандап азайту және қосу алгоритмін құрады және қолданады; - Оңдық бөлшектерді бағандап азайту және қосуға қатысты күрделі есептерді шығарады; 	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы 7 мин	<p>1.Ұйымдастыру</p> <p>Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру ширату жаттығуларымен өтеді.</p> <p>«Үш қол» тренингісін өткізеді.</p> <p>Көк – оқушылар бір-біріне қол беріп амандасады;</p> <p>Қызыл – құшақтасып амандасады;</p> <p>Жасыл – арқаларымен амандасады;</p> <p>Мақсаты: Ынтымақтастық атмосферасын орнатып, жағымды жұмыс ортасын орнату.</p> <p>2. «Саңырақ» әдісі</p> <p>3. «Сәтті шеңбер» әдісі</p> <p>3. «Кім жылдам» әдісі</p> <p>1-топ:</p>	<p>Үш түсті ұпаздан қолдың пішіні қиылды. Мысалы, көк, қызыл, жасыл. Мұғалім оқушыларды жұппен тұруларын ұсынады. Жұптағы оқушылар мұғалімнің көтерген қолының түсіне байланысты кимылға түсіп амандасады.</p> <p>Қарапайым саналым арқылы сынып топқа бөлінеді.</p> <p>Қайталау есептері Тапсырма ұжымдар орындамады.</p>	<p>ҚБ: «Бас бармақ» әдісі</p> <p>  </p>	<p>Презентация</p> <p>Түрті-түсті қолдар</p> <p>Тапсырма жазылған парақтар</p> <p>https://wordwall.net/ru/resource/51729171</p>

	<p>1 топ. Төбелелі кесте орында</p>  <p>2-топ:</p>  <p>3-топ:</p> 	<p>Жетелеуші сұрақтарға жауап береді</p> <p>Тапсырманы орындай отырып, сабақтың тақырыбы мен мақсатын ашады.</p>	<p>Түсіндім Түсінгенді еймін Түсінбедім</p>											
<p>Ортасы 10мин</p>	<p>Ұжымдық жұмыс « Концептуалды карта » әдісімен орындалады.</p> <p>1-топ: 1-тапсырма: Кестені толтыр</p> <table border="1" data-bbox="438 1176 820 1438"> <thead> <tr> <th>Амал</th> <th>Ережесі</th> <th>Мыс</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </tbody> </table> <p>2-тапсырма. Есепті шығар Базарға сатуға үйрекпен қазды әкелді. Үйректің 3,35 кг., ал қаз одан 2,475 кг ауыр. Үйрекпен қаздың жалпы салмағы қанша?</p> <p>2-топ: 1-тапсырма: Кестені толтыр</p> <table border="1" data-bbox="438 1690 820 1890"> <thead> <tr> <th>Амал</th> <th>Ережесі</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td> </td> <td> </td> </tr> </tbody> </table> <p>2-тапсырма.</p>	Амал	Ережесі	Мыс				Амал	Ережесі			<p>Толқа бөліне отырып толтық жұмыс жасап, өлеңді өзіндіктерінен оқып, түсініп кестені толтырады. Есеп шығарады</p> <p>Толқа бөліне отырып толтық жұмыс жасап,</p>	<p>Дескриптор Білім алушы -Ондық бөлшектерді қосу және азайту ережесін тұжырымдайды; -Мысал келтіреді;</p> <p>Дескриптор Білім алушы -Есептің шартын құрады; -Ондық бөлшектер</p>	<p>Оқулық Математика 5 - сынып Постерлер Маркерлер</p>
Амал	Ережесі	Мыс												
Амал	Ережесі													

Машинаның бөлшегі екі бөліктен тұрады. Бір бөліктің массасы 1,34 кг., ал екіншісі 0,678 кг жеңіл. Бүкіл бөлшек массасы қандай?

3-топ:

1-тапсырма: Кестені толтыр

Амал	Ере жесі	Мысал

2-тапсырма.

Дүкенге қарбыз мен қауын әкелді. Қарбыз 11,8 кг, ал қауын одан 4,48 кг жеңіл. Қарбыз пен қауын бірге неше килограмм?

Сергіту сәті

«Бұзық телефон» әдісі

Сәйкестір» әдісі

1-жұп. Тапсырма

18,3-7,65	
15,0084 + 0,4548	
4,929 + 0,0762	
2,773 + 78,73	
24,09-17,616	

2-жұп Тапсырма.

0,961-0,783	
2,878 + 47,122	
0,5867 + 0,4133	
108,7-9,817	
4,929 + 0,0762	

3-жұп Тапсырма

0,8-0,625	
92,02 + 94,98	
0,7-0,086	
0,001084 + 6,247	
4 + 3,7305	

өлеңді өзіндіктерінен оқып, түсініп кестені толтырады. Есеп шығаралы

Топқа бөліне отырып топтық жұмыс жасап, өлеңді өзіндіктерінен оқып, түсініп кестені толтырады. Есеп шығаралы

Оқушының құлағына бір ондық бөлшек айтылады. Олар бір біріне жеткізеді.

Есептер мен жауаптары ретсіз еріледі. Есептің жауабын тауып, сәйкестіреді.

Тақырып бойынша сынып жұптық жұмыс орындайды. Отырған орындарында жұп болып бөлінеді

ді қосуды орындайды;
-Есептің сұрағына жауап береді;

Топқа бөліне отырып топтық жұмыс жасап, өлеңді өзіндіктерінен оқып, түсініп кестені толтырады. Сұраққа жауап береді.

Топқа бөліне отырып топтық жұмыс жасап, өлеңді өзіндіктерінен оқып, түсініп кестені толтырады. Сұраққа жауап береді.

Оқулық
Математика
5 - сынып
Постерлер
Маркерлер

ҚБ: «Бас бармақ» әдісі

Түсіндім
Түсінгенім
еймін
Түсінбедім

Соңы
6 мин

« Қызықты эстафета » әдісі

Сабақты бекіту.

1-қатар 2-қатар 3-қатар

0,6+0,3	1,5-0,4	1,5-0,4
0,98-0,01	2,1+0,6	2,1+0,6
0,4+0,05	2-1,2	2-1,2
5-0,2	0,02+0,05	0,02+0,05
0,14+0,03	0,1+0,04	0,1+0,04

Әр қатарға есептер беріледі. Оқушылар есептердің жауабын жазып, келесі оқушыға береді. Солай жалғасады.

Жарайсындар

	<p>Рефлексия «Мұғалімге хат» әдісі арықылы оқушылар бүгінгі өткен тақырып бойынша кері байланыс жасайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Барлық тапсырмаларды орындалдыңдар ма? • Қандай тапсырма қиындық туғызды? • Осы қиындықты шешу үшін, қандай жолын таптыңдар? • Сабақ басында қойылған мақсатқа қол жеткіздік пе? 	<p>Сұрақтарын негізге ала отырып, мұғалімге кері байланыс ұсынады.</p>		
--	--	--	--	--

4-кесте. Зерттеу сабағының қысқа мерзімді жоспары

Цикл бойынша жоспарланған сабақ мұғалімдермен қадағаланды. Қадағалау сабақ барысында, топ мүшелерінің әрқайсысында өздерінің міндеттері болды. Міндеттерін жүзеге асырып, сабақты қадағалады. Сабақ қадағалау барысында, топ мүшелері, жоспарланған және қолданылған оқыту әдістемесі, тәсілдері оқушыларды оқытуда көмектесті ме әлде кедергі келтірдіме?, сізді сабақта не таң қалдырды? кейс(бақылаудағы) оқушының және басқа оқушылардың ілгерілеуін жақсарту үшін оқытудың қандай аспектілерін келесі сабақта өзгертуге болар еді?, оқу тәсілінің қандай тамаша тәсілін білдіңіз?, қандай оқушының бағалауын қайта қару керек деп ойлайсыз?, біз келесі жолы тағы не і жасап көруімізге болады? Сұрақтарын негізге ала отырып кері байланыс жасап, келесі сабақта нені, қалай, қандай әдіс арқылы жүзеге асырамыз дей отырып, келесі сабақты жоспарлап отырды.

Сабақты талдау барысында, барлық бақылаушылардың бірауыздан сыныпта гипербелсенді және өздерін «көшбасшы» санайтын оқушылардың біраз екенін айтты. Енді келесі сабақта, осы оқушылардың жұмыс жасауын және оларды қандай тапсырмалармен жүктейтінін толыққанда жүйелі түрде жоспарлап, олардың қызығушылықтарының жылдам жоғалып кететін ескеріп, цифрлық платформаларды қосуды жөн көрдік.





1-суреттер. Зерттеу сабағының барысы

Осы ретпен келесі жаратылыстану, математика және казак тілі сабақтары жүргізілді.

Сабақты зерттеуді жоспарлау барысынан-ақ жалпы сынып ұжымын және А, В, С деңгейіндегі анықталып алынған үш оқушыны зерттеу жоспарларды.

Әр сабақтан кейін, зерттеу сабағын толықтай талдап, нені түзеу керек?, нені тағы қосу керек? нені өңдеу керек? сияқты сұрақтар төнірегінде келесі сабақ жоспарланып, өткізілді. Сабақтардың барлығын топ мүшелері отырып, әрбір зерттелуші оқушылардың және жалпы сыныптың қажеттіліктерін ескере отырып, сабақтың мақсатын жүзеге асыру барысында тапсырмалармен әдіс-тәсілдер таңдалып алынғын отырылды.

Бірінші сабақтан соң-ақ, оқушыларды қызықтыратын оқыту әдіс-тәсілдердің басқаша цифрлық платформаларып қосуды анықтады. Солай келесі сабақтарда анықталған жаңа мәселе төңірегінде жоспарлауды жүргізді.

Осылай жүргізілген төрт зерттеу сабақтарынан кейін, қорытынды отырыс жүргізілді.

Отырыста зерттеу сабақтарын басынан бастап талдап, әр сабақтың қорытындысын анықтап, келесі сабақта орын алған мәселелерді анықтап,

қорытындысын нақтылай отырып бұл зерттеуге алған сыныптың оқушыларының әртүрлі темпераменттегі, қабылдау жылдамдықтары мен деңгейлері әртүрлі, «өзім басқарамын», «мен айтамын!» сияқты ұстанымды ұстайтын «көшбасшы» оқушылардың орытқандықтарынан өзара білім алуларына, олардың есте сақтауларына бәт болатынын, сабақ барысында бірін-бірі аңдып отырып, меңгеруге тиісті ақпаратты жіберіп алатынын анықталды.

Осы әрекеттерді жою үшін, әр сабақта осы мәселе тәірегінде түрлі жұмыстар жасай отырып, мәселені жеңуге оқушыларды жетеледік.

Барлық жасалған жұмыстардың қорытындысын, әлеуметтік желіде жариялап, «Ұстаз тілегі» сайтына «Оқушының үлгерімінің жақсаруына ықпал етіп, мұғалімнің кәсіби дамуына жетелейтін әдіс – Lessons Study» тақырыбында мақала жарияланды.



❤️ 💬 📌

👤 Нравится umittensel и ещә 12 baluansholak_mi Зертеу сабағы қарапайым идея болып табылады. Егер сіз оқытуды жақсартқыңыз келсе, онда басқа мұғалімдермен бірге жұмыс істеу-жоспарлау, бақылау және сабақ бойынша ой жүгіртудің қаншалықты маңызды екені анық емес пе? (Lewis, 2002) Мектепшілік жоспарға



❤️ 💬 📌

👤 Нравится umittensel и ещә 12 baluansholak_mi Зертеу сабағы қарапайым идея болып табылады. Егер сіз оқытуды жақсартқыңыз келсе, онда басқа мұғалімдермен бірге жұмыс істеу-жоспарлау, бақылау және сабақ бойынша ой жүгіртудің қаншалықты маңызды екені анық емес пе? (Lewis, 2002) Мектепшілік жоспарға